

**Хаттама № 3**  
**«TURKISTAN INVEST» ИТЭДАА» ЖШС қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтежесінде қалыптастырылған анықтама жобасына жария талқылау**

**Түркістан.к**  
**сағ: 11:00**

**«20» маусым 2024ж**

**Төрағалық етуші:** «TURKISTAN INVEST» ИТЭДАА» ЖШС Басқарма Төрағасы  
**Қатысқандар:** Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамының мүшелері, «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының Заңгері.

**Күн тәртібінде:**

Серіктестік қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтежесінде қалыптастырылған анықтама жобасын талқылау.

Серіктестік қызметіне жүргізілген ішкі талдау жұмыстарын Комплаенс офицері А. Копбаева баяндай келе «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының Заңгері Естебеков Нұркен Алтынбекұлының қатысуымен ZOOM қосымшасы арқылы талқыланды.

ҚР Үкіметінің 31.05.2021ж. №358 қаулысымен бекітілген жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларының 56-тармағына сәйкес, әрбір мемлекеттік органда мемлекеттік басқару жүйесін тұрақты жетілдіруге бағытталған үлгілік базалық бағыттың төртінші блогы - «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қарсы іс-қимыл» (бұдан әрі – №4 ҮББ) іске асыру мақсатында Түркістан облысы әкімі аппаратының басшысы Е.Әлімқұловпен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге 02.03.2024ж. бекітілген кестесіне сәйкес орындалатындығын баяндады.

1. Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау (*құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар айқындалады*);

2. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі:

**1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;**

**2) мүдделер қақтығысын реттеу;**

**3) мемлекеттік қызметтер көрсету;**

**4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;**

**5) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;**

**6) іс-шаралар ұйымдастыру;**

Серіктестіктің қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерінде және ережесінде сыбайлас жемқорлық және құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық (*өзінің қалауы бойынша шешім қабылдайтын*) өкілеттік пен нормалар **анықталмағандығын айтты.**

Серіктестікте Басқарма Төрағасымен, орынбасарларымен туыстық қатынасы бар қызметкерлер **анықталмады**. Атқарылған жұмыстар барысында бөлімдердің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормалар, **мүдделер қақтығысы анықталмағандығын баяндады**.

Серіктестік мемлекеттік қызмет көрсету не рұқсат беру функцияларын атқармайды. Тек инвесторларды облысқа тару және инвесторларды сүйемелдеумен **айналысады**.

Серіктестік әр апта сайын инвесторлардың қатысуымен Инвест штаб өткізуге жәрдемдесумен айналысады және толық облыс әкімінің не облыс әкімінің орынбасарларының **қадағалауымен өтетіндігін айтты, және әр инвестициялық штаб отырыс нәтежесінде хаттама толтырылып облыс әкімдігімен бекітілетіндігін айтты**.

**Серіктестіктің негізгі штат саны - 23 қазіргі таңда - 22 қызметкер жұмыс жасайды.**

**Бос орындары туралы ақпараттарды желілерге орналастыру бойынша:**

Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі №482-V ҚРЗ Заңының 28-бабы 2-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, бос орындардың бар екендігі туралы мәліметтерді еңбек жағдайлары мен төлемақысын көрсете отырып, олар пайда болған күннен бастап, бес жұмыс күн ішінде халықты жұмыспен қамту орталығына жазбаша түрде немесе «Электрондық еңбек биржасы» мемлекеттік ақпараттық порталы арқылы жіберіледі.

Бос жұмыс орындары пайда болған сәттен бастап 5 жұмыс күн ішінде жарияламау, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 98-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық жасаған болып есептеледі.

Бос жұмыс орындары туралы ақпараттарды желілерге орналастыру бойынша **заң бұзушылықтар анықталмады**.

**Жұмыстан шығу 2024 – 6 қызметкер. Барлығы да өз өтініші негізінде жұмыстан босатылған.**

Жұмысқа қабылдау кезінде **сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмайды**. Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағандар және қызметтен **жағымсыз себептермен босатылғандардың жоқ екендігін айтып, (ҚР Бас Прокуратурасы ҚСЖАЕК «Ақпараттық қызмет» жүйесімен қалыптастырылған анықтамаларына сәйкес мәлімет)** екендігін айтты.

Персоналға қатысты шығарылған бұйрықтар (*жұмысқа қабылдау, келесі жұмысқа ауысу тәртібі, жыл сайынғы еңбек демалысы, еңбек демалысынан кері шақырту, ақысыз демалысы, іссапар*) Заң талаптарына сәйкес әзірленгендігін, құқық бұзушылық белгілері **анықталмағандығын жеткізді**.

Серіктестікте қызметкерлер арасында сөгіс алу жағдайы 2023 жылы тамыз айында орын алған – 5 адам, 2024 жылы маусым айында – 1 адам.

Мемлекеттік сатып алу портал арқылы басқармаға керекті кеңсе тауарлары веб – портал қызметі арқылы жүзеге асырылды, қызметкерлердің біліктілігін артыру ақылы оқу курсы, ІС бағдарламасын сүйемелдеу жаңарту қызметтері қолданады. Мемлекеттік сатып алу жоспарын орналастырудың заңнамада белгіленген мерзімдері, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу парталында жоспарға енгізілген өзгерістер бұзылмады.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы құжат айналымы электрондық нысанда жүргізіледі, счет-фактуралар, орындалған жұмыстардың актілері тек электрондық форматта ресімделеді. **2023-2024 жылдарда бір көзден сатып алу жағдайы орын алмаған.**

Алайда мемлекеттік сатып алу бойынша жеткізу мерзімі дұрыс болмаған екі шарт анықталды. Бас бухгалтер Д. Алибеков аталмыш компанияларға ескерту жасаған уақыты өткендігі туралы. Алайда компаниялар уақтылы салғандығын айтып логистикалық компаниядан кеткен қателік екендігін жеткізді.

Серіктестікте **инвесторлармен жұмыс жасайтын екі бөлім бар инвестиция тарту және талдау бөлімі және Жобаларды сүйемелдеу және экспортты дамыту бөлімдері бар.** Инвесторлармен кездесу жиналыстар өткізу тек облыс әкімінің немесе тиісті басқарма басшыларының қадағалауымен ұйымдастырылады.

**Инвесторларды тарту сүйемелдеуден өзге қызметтер көрсетпейді.**

Серіктестікте шетелдік және жергілікті инвесторлармен дөңгелек үстелдер мен форумдар, роуд шоулар, келіссөздер орын алады. Өткен іс-шаралардың барлығы төмендегі желілерге үздіксіз жарияланып отырады:

- <https://turkistaninvest.com/>
- <https://www.facebook.com/turkistan.invest.export/>
- <https://www.instagram.com/turkistan.invest/?hl=ru>

**Басқарма төрағасы**

**Хатшы**



**Б. Кенжебаев**

**Д. Байжанова**